

5 тамыз 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Шілдеде қазақ қызмет көрсету секторындағы
өсім қарқыны арта түсті

5 тамыз 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізг тұжырымдар

Шолу

Пікір

Сұраныс, жұмыспен қамту
және әлеует

Инфляция

Қосалқы секторлар қызметі

Қазақстан бойынша аралас
PMI

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® қызмет көрсету көрсеткіштерін уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Шілде 2026

Жаңа тапсырыс саны ұлғайған соң, белсенділік өсімі 13 айдағы ең жоғарғы мәнге жетті

Шығын инфляциясы төрт айдағы ең баяу күйде

Іскери сенім алты айлық ең төменгі мәнге түсті

Қызмет көрсету саласындағы PMI іскерлік белсенділік индексі - алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәніне тең. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетілген. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін мына жерді [басыңыз](#).

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет
көрсету салалары
бойынша іскерлік
белсенділік PMI

Шілде 2026

54,1



ШІЛДЕДЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ӨСІМ ҚАРҚЫНЫ АРТА ТҮСТІ

Freedom Holding Corp. ұсынған соңғы PMI® деректері үшінші тоқсан басында Қазақстандағы қызмет көрсетуші компаниялардың іскери белсенділігі айтарлықтай өскенін көрсетті.

Белсенділіктің үдеуі мен жаңа тапсырыс санының күрт өсуі тұспа-тұс келді, бұл көрсеткіш үш айда өте жедел өсті. Соңғы сауалнама кезеңінде баға қысымы бәсеңдеп, шығын ауыртпалығының ұлғаюы төрт айдағы ең әлсізі болды. Десе де, іскери сенімнің төмендеуі мен жұмыспен қамтудың қысқаруының кері әсері де көрінді.

Негізгі көрсеткіш — Іскери белсенділік индексі. Бұл индекс компаниялардың өткен аймен салыстырғандағы іскери белсенділік ауқымының өзгерісін бағалайтын жалғыз сұрақ арқылы анықталады. Индекс 0 мен 100 аралығында ауытқиды, 50-ден жоғары өсімді, ал 50-ден төмен мән төмендеуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларға сәйкес түзетіледі.

Freedom Holding Corp. ұсынған негізгі Іскери белсенділік PMI индексі екі ай қатарынан өсіп, маусымдағы 53,5 межесінен шілдеде 54,1 мәніне көтерілді. Негізгі индекс Қазақстанның қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік қарқынды өскенін көрсетеді, бұл — бір жылдан астам уақыттағы ең жоғары мән. Қызмет көрсету саласындағы өндіріс сәуірден бері ай сайын өсіп келеді.

Сауалнама деректері іскери белсенділіктің бұл жолғы өсіміне жаңа тапсырыс көлемінің артуы негізгі себеп болғанын көрсетті. Кейбір респонденттер клиент санының ұлғаюы мен жаңа бизнес-модельдердің енгізілуі өсімге дем бергенін атап өтті.

Бұған қоса, Қазақстанның қызмет

көрсету кәсіпорындарына түскен жаңа тапсырыстар легі шілдеде біршама жедел қарқынмен өсті. Іс жүзінде, қатарынан бесінші ай байқалған жаңа тапсырыс өсімінің бұл жолғы ұлғаюы айтарлықтай әрі сәуірден бергі ең елеулісі болды. Өсімге тұтынушылар тарапынан сұраныстың артуы, туристер легінің көбеюі, жаңа бизнес-модельдердің іске қосылуы және жалпы сұраныс ахуалының қолайлы болуы ықпал етті.

Үшінші тоқсан басында өсім ұлғайғанына қарамастан, қазақ қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар алдағы жылғы іскери белсенділік келешегіне қатысты сенім бұрынғыдан да төмендегенін хабарлады. Позитивті күй көрсеткіші алты айлық төмен мәнге құлдырап, ұзақ мерзімді орташа деңгейден төмен қалпында қалды.


Респонденттердің шамамен 16%-ы алдағы 12 айда белсенділік өседі деп күтеді, олар төмендеуді болжағандар үлесінен екі есе көп. Оптимизмге жарнаманы ұлғайту, клиент базасы мен қызмет түрін көбейту және жаңа келісімшарттар жасау жоспарлары ықпал етсе де, экономикалық тұрақсыздық, салық заңнамасының өзгеруі мен бәсеке қысымына қатысты ахуал кері әсерін тигізді.

Шілдеде штат саны қатарынан алты ай азайып, жұмыспен қамту көрсеткіші де қысқару мәнінде қалды. Жұмысшы санын азайтқан респонденттер мұны компанияны қайта құрылымдау, төрт күндік жұмыс аптасына көшу және филиалдарды жабумен түсіндірді.

Жалпы, шілдеде қызмет көрсету саласында шығынның ұлғаюына негізінен шикізат пен жеткізушілер құнының қымбаттауы ықпал етті. Бұл шығындар бағаны көтеру арқылы тұтынушылардан өтелді. Инфляция қарқыны ай ішінде бәсеңдеп, наурыз бен мамырдан кейінгі ең төмен мәнге түсті, алайда тарихи мәнде алғанда салыстырмалы түрде жоғары қалпында қалды.

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2026 жылдың 9-28 шілде.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

ПІКІР

Салтанат Мухамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау бөлімінің басшысы:


"Шілдеде Қазақстанның қызмет көрсету саласы өңдеуші өнеркәсіппен арадағы алшақтықты одан әрі ұлғайта отырып, кезекті өсім көрсетті және ұзақ уақыт ішіндегі оптимизмнің ең жоғары деңгейін тіркеді. Екі бағытты күшті динамиканың нәтижесінде қызмет көрсету және өндірістік кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі индекстері арасындағы спред бақылау жүргізілген бүкіл кезеңдегі ең жоғары деңгейге жетті. Дегенмен, қызмет көрсету саласындағы бұл

оптимизм біршама тұрақсыз көрінеді. Жаңа тапсырыстардың кезекті өсіміне қарамастан (көлік және қоймалау сегментін қоспағанда), салада жұмыс орындарын қысқарту үрдісі жалғасты. Өзге триггерлердің қатарында — алдыңғы үш айдағы шыңнан кейін сәл бәсеңдегенімен, маржаға түсетін қысымның тарихи жоғары деңгейде сақталуын, сондай-ақ соңғы он айдағы айлық түзетудің ең күшті қарқынымен тіркелген бизнес күтулерінің бір жылдық көкжиекте күрт төмендеуін атап өтуге болады. Сектордың бұдан былайғы дамуы алдағы айлардағы нарықтық конъюнктураның қалай қалыптасатынына байланысты болады".

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және
талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



СҰРАНЫС, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ


2026 жылғы үшінші тоқсан басында Қазақтың қызмет көрсетуші кәсіпорындарына түскен жаңа тапсырыстар саны қарқынды өскені байқалды.

Өсім қарқыны екі ай қатарынан үдеп, тарихи тұрғыдан ерекшеленді. Респонденттердің айтуынша, жаңа тапсырыстар санының бұл жолғы ұлғаюына тұтынушылар тарапынан сұраныстың артуы, туристер легінің көбеюі және жалпы сұраныс жағдайының қолайлы болуы ықпал етті.

Қазақ қызмет көрсету компаниялары алдағы жылғы іскери белсенділікке қатысты оптимизм танытқанымен, шілдеде сенім деңгейі алты айдағы ең төменгі мәнге түсті. Өсімді күткен

16% респонденттің оптимизіміне жарнаманы ұлғайту, клиенттер базасы мен ұсыныс түрін арттыру және жаңа келісімшарт жасасу жоспарлары ықпал етті. Алайда респонденттердің 8%-ға жуығы экономикалық тұрақсыздық, салық заңнамасының өзгеруі және бәсеке нашар болжам жасауға себеп болатын фактор екенін атап өтті.

Шілдеде Қазақстанның қызмет көрсету саласында қызметкерлер саны қайта ештеп қысқарды. Компаниялар қызметкерлер санының бұл жолғы қысқаруы компанияны қайта құрылымдау, төрт күндік жұмыс аптасына көшу және филиалдардың жабылуымен байланыстырды. Жұмыспен қамту ақпаннан бері ай сайын төмендеп келеді.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Болашақ белсенділік



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ИНФЛЯЦИЯ

Шілдеде Қазақ қызмет көрсету кәсіпорындары ресурс құны күрт өскенін тіркеді.

Сауалнамаға қатысушылар шығынның ұлғаюын шикізат пен жүк тасу құнының қымбаттауымен түсіндірді. Ресурс құнының инфляция қарқыны төрт айдағы ең бәсеңі болғанына қарамастан, тарихи


тұрғыдан жоғары күйінде қалды.

Ресурс құнының қатты көтерілуіне жауап ретінде қызмет көрсету кәсіпорындары сервис бағасын аздап көтерді. Кейбір респонденттер бағаның өсуіне жанармай құнының қымбаттауы түрткі болғанын атап өтті. Дайын өнім (қызмет) бағасы инфляциясының қарқыны өткен аймен салыстырғанда бәсеңдеді.



■ Ресурс бағасы
■ Баға белгілеу

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЛАРЫ

Жылжымайтын мүлік саласындағы белсенділік шілдеге дейінгі үш айда айтарлықтай өсті

Көлік пен қоймалау және тұтынушыларға қызмет көрсету салаларында белсенділік өсімі шілдеге дейінгі үш айда баяулап, екі секторда шамалы ғана өсу болды. Жылжымайтын мүлік саласында белсенділік біршама қарқын өсіп, 2023 жылғы мамырындағы секілді рекордты қайталады.

Сауалнама қамтыған үш негізгі сектордың арасында жылжымайтын мүлік секторындағы жаңа тапсырыстар саны аса жоғары өсім көрсетті. Бұған қоса, тұтынушыларға қызмет көрсету саласы аз ғана өсімді тіркеді. Көлік және қоймалау кәсіпорындарында жаңа тапсырыстар саны бұрынғыдан да азайғаны байқалды.

Жұмыспен қамтуға келсек, тұтынушыларға қызмет көрсету саласы жаңа жұмыс орындарын ашқан жалғыз сала. Мұндағы өсім шамалы, алайда соңғы он айда алғаш рет байқалды. Қалған екі негізгі секторда қызметкерлер саны бұрынғыдан да азайған.


Баға конъюнктурасына келсек, баға қысымы тұтынушыларға қызмет көрсету саласында өте жоғары болды. Десе де, жылжымайтын мүлік компаниялары сату бағасын жоғары қарқында көтерді.

Жалпы, үш сектор да алдағы 12 айда белсенділік артады деген оптимистік күйде. Сенім деңгейі жылжымайтын мүлік компанияларында өсті, алайда өзге екі салада төмендеді.

- Тасымалдау және қоймада сақтау
- Тұтыну қызметтері
- Жылжымайтын мүлік және Іскерлік қызметтер


Іскери белсенділік

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жұмыспен қамту

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Ресурс бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция




Жаңа бизнес

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі



Баға белгілеу

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақп.).

Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРАЛАС PMI®

Жеке сектордағы сенім 2020 жылғы сәуірден бергі ең төмен мәнде

Қазақстанның Аралас Өндірістік PMI Индексі* шілдеде қатарынан төрт ай бойы 50,0 бейтарап мәнінен жоғары болды. Индекс маусымдағы 51,6 мәнінен аз ғана өзгеріп, 51,5 мәніне тоқтады және жеке сектордағы белсенділік орташа өсімі көрсетті. Өсімге бұл жолы жа қызмет көрсету секторы ықпал етті, белсенділік айтарлықтай өсімі өңдеуші өнеркәсіптегі тереңірек құлдыраудың орнын өтеді.

Жалпы жаңа тапсырыстар саны аздап өсті, оның қарқыны маусыммен салыстырғанда сәл ғана бәсеңдеді. Өсімді бұл жолы да қызмет көрсету саласы қамтамасыз етті, ал өңдеуші

өнеркәсіпте құлдырау қарқыны үдей түсті.

Жалпы, жұмыспен қамту деңгейі қатарынан алты ай бойы төмендеді. Оның ауқымы орташа болғанына қарамастан, жұмыс орындарын қысқарту қарқыны 2023 жылғы қарашадан бергі ең жеделі еді.

Сонымен қатар инфляция қысымы бәсеңдеді. Ресурс құны мен дайын өнім бағасының инфляциясы ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен төмен болды.

Өндіріс көлемінің 12 айлық келешегіне келсек, сенім деңгейі 2020 жылғы сәуірден бергі ең төмен мәнге құлдырады. Өндірушілер де, қызмет көрсетушілер де ай ішінде жағымды көңіл-күйдің айтарлықтай төмендегенін тіркеді.


*Аралас PMI индексі өндірістігі өнім өндіру және қызмет көрсету PMI салыстырмалы индекстерінің орташа мәні негізінде есептеледі. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Қазақстанның Аралас қуат Индексі - Қазақстанның өндірістігі өнім өндіру индексі мен Қазақстанның Қызмет көрсету іскери белсенділік индексінің орташа мәні.

■ Аралас өндіріс

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)

Жалпы ішкі өнім (GDP)

% ж/ж




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. S&P Global Market Intelligence арқылы Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ©2026 S&P Global



■ Аралас

Өндіріс

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Өнім өндіру

Жаңа бизнес

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ қызметтері

Болашақ өндіріс


Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

Жұмыспен қамту


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

Ресурс бағасы


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

Дайын өнім бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.


Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақ).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Аралас өндіріс (өнім өндіру және қызмет көрсету)
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)


06/2026



Америка

■ US ■ CA ■ BR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.


Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия

Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

■ EZ ■ GB ■ RU ■ SA* ■ NG*+ ■ ZA*+

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

EZ Еуроймақ
GB Біріккен Корольдік
RU Ресей
SA Сауд Арабиясы*
NG Нигерия*+
ZA Оңтүстік Африка*+

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ AU ■ SG*

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
AU Аустралия
SG Сингапур*


*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. +Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

X осі = PMI, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген

06/2026



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынмен жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AE Біріккен Араб Әмірліктері	CA Канада	FR Франция	HK Гонконг ҚХР*	JP Жапония	MZ Мозамбик**	SA Сауд Арабиясы*	ZA Оңтүстік Африка**
AU Аустралия	CN Қытай	DE Германия	IE Ирландия	KE Кения**	NG Нигерия**	SG Сингапур*	ZM Замбия**
BR Бразилия	EG Египет*	GB Біріккен Корольдік	IN Үндістан	KZ Қазақстан	QA Қатар*	UG Уганда**	
	ES Испания	GH Гана**	IT Италия	LB Ливан*	RU Ресей	US Құрама Штаттары	

*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. **Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панель ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.


Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

1	Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар	6	Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау
2	Өсім бар, жедел қарқынмен	7	Құлдырау, жедел қарқынмен
3	Өсім, ұқсас қарқынмен	8	Құлдырау, ұқсас қарқынмен
4	Өсім, баяу қарқынмен	9	Құлдырау, баяу қарқынмен
5	Өсім бар, өзгеріссіз қалған	10	Құлдыраудан соң, өзгеріссіз

Сауалнама ауқымы

250 қызмет көрсетуші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Іскери белсенділік, жаңа бизнес, жаңа экспорттық бизнес, болашақ белсенділік, жұмыспен қамту, үлгілі бизнес, ресурс бағасы, баға белгілеу.

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

H Тасымалдау және қоймаға сақтау

I Орналастыру және тамақтандыру саласындағы қызмет

J Ақпарат және коммуникация

K Қаржы және сақтандыру қызметтері

L Жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер

N Әкімшілік және қолдау көрсету қызметтері

P Білім беру*

Q Денсаулық және әлеуметтік жұмыс саласы *

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

S Өзге де қызмет салалары

*Тек жеке сектор

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Ханна Брук
EMEA елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.